

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР ЖӘНЕ ЖЕҢІС КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛЕРДІ ӨТКІЗУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ



1. Мерекені алдын-ала жоспарлауда педагог мереке тақырыбын таңдайды. Ұсынылатын тақырыптар: «9 мамыр-Ұлы Жеңіс күні»; «Ал, кәне ұлдар!»; «Ардагерлер еліне саяхат»; «Әкем-менің мақтанышым!». Әдістемелік кеңесте бірлесіп талқылау арқылы басқа тақырыптарды таңдауға болады.

2. Мереке сценарийін балалардың жасына сәйкес музыка жетекшісімен бірге тәрбиешілер құрастырады. Оны талқылау міндетті түрде балабақшада жұмыс істейтін педагогтер ұжымымен бірге жүргізіледі, олар сценариймен танысады, сондай-ақ рөлдер мен міндеттерді өзара бөліседі: атрибуттарды, костюмдерді дайындау, безендіру жұмыстарының дизайнына және қауіпсіздік шараларына мән беріледі.

3. Атрибуттарды, костюмдерді дайындауға, музыка залын безендіруге, сондай-ақ сценарий құрастыруға ата-аналарды тарту өте маңызды. Мерекені балалардың, ата-аналардың, педагогтардың қатысуымен балабақшаның өз мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастыру қажет және жеке ақылы қызмет көрсететін аниматорлар мен бөгде адамдарды шақырудың қажеттілігі жоқ.



4. Баланың мерекеге деген қызығушылығын жоймай, оның мерекеден алатын әсерін қалдыру үшін үнемі жалпы дайындық жүргізу ұсынылмайды.



5. Педагог балаларға мерекелер (Отан Қорғаушылар Күні, Жеңіс күні), оның өткізілуі туралы әңгімелеп береді, өлеңдер, әндер, билер, ойындар үйретеді, қолдан бұйымдар жасайды, суреттер көрмесін ұйымдастырады. Мерекені күтудің әсерлі көңіл-күйін

қалыптастырады.

6. Мерекенің мазмұны балалардың жас ерекшеліктері, қызығушылықтары, үйренген репертуары ескеріле отырып құрылады. Мереке бағдарламасында түрлі әрекеттер үйлестірілуі тиіс (топтық және жеке орындау, ертегілерді сахналау, би билеу, ойындар, конкурстар ұйымдастыру және т.б.).

7. Балалардың тез жалығатындығын ескере отырып, мереке желісінің түрлі қызықты белсенді әрекетке ауысып отыруына мән беріледі.

8. Мереке бағдарламасы балалар мерекені толықтай көріп, көңіл көтеруге барлығы қатыса алатындай етіп құрылуы тиіс. Бала өзі қатысып билегенде, ойнағанда, ән айтқанда ғана көңілі көтеріледі. Балаларға конкурс, ойын арқылы өздерін көрсетуге мүмкіндік беру керек.



9. Мерекені өткізу форматы әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы:

- әкелер мен ардагерлерді құттықтауға арналған мерекелік ертеңгіліктер;
- саяхат;
- ертегіні сахналау;
- музыкалық-спорттық ойын-сауықтар;
- квест ойыны;
- концерт;

- суреттер және ашық хаттар конкурсы;
- Отан, бейбітшілік, достық туралы әндер (өлеңдер) челленджі.

10. Мерекені өткізудегі маңызды сәт залды безендіру, себебі безендірулер балаларда жағымды эмоция тудырады және мерекелік атмосфера қалыптастырады. Залды, дәлізді, топты шығармашылықпен безендіру, мерекедегі жеке орындауға костюмдер мен атрибуттарды дайындау балалардың қызығушылығын тудырады, оларды ерекше әсерге бөлейді.



11. Мерекенің бірінғай атрибуты өткен жылы енгізілген «Жеңіс белгісі» патриоттық лентасы болып қала береді.

12. Материал қатыгездікке, дерексіздікке, зорлық-зомбылыққа жол бермеуі үшін сюжеті қызықты және тартымды болуы өте маңызды.

Әскери атрибуттарды алып тастау қажет (форма, қару және т. б.)

13. Мерекелерді күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады, бірақ балалардың жасына байланысты олардың ұзақтығы 20 минуттан 1 сағатқа дейінгі аралықта болуы керек.

Іс-шаралар балалардың өмірлік тәжірибесін байытып, жаңа білімге деген қызығушылықты оятып, шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуі керек екенін ұмытпаңыз.

Бұл мерекелер бейбітшілікті, достықты қамтуы керек!



